




## Ақан сері өмірінің ақиқаты

**Өнер сүйген кісіні жан рахатына бөлейтін, мейірінді қандырып, көңілінді сергітетін «Бір кезде Ақан едім аспандағы» деп аталатын ғажап кітап шықты жақында. Авторы – қазақтың көрнекті қаламгері әрі сүйікті композиторы Илья Жақанов.**

### Әлқисса



Сережелдеңге салғандай азапты, ләззатты, шытырман оқиғаға толы осы бір деректі хикаятты оқып отырып Ақан серімен бірге тозақтың отына түскендей, бірге жұмақтың бағын кешкендей, бірге ғажайып ертегінің ішінде жүргендей боласың. Бастан-аяқ сиқыршыдай арбайды да отырады.

Бүгінде елде кітап аз шығып жатқан жоқ, бірақ оның бәрі оқыла бермейді. Қазақ мәдениеті тарихының айрықша саласын құрайтын сал-серілер, олардың ешкімге ұқсамайтын өмір салты, өнері, салтанаты – біздің таңдай қағып тамсана беретін кенішіміз, ұлттық байлық қазынамыз. Өкініші – қазақ топырағындағы осы бір асыл өнердің табиғаты толық ашылмай келеді.

Кейбір кісілердің тиіп-қашып жазғаны болмаса, сал-серілер өмірін академик Әлкей Марғұланға дейін арнайы зерттеген ғалым кездеспейді. «Күйді ерттеп, әнді мінген кемеңгерлер» дейтін еңбегінде Әлекең қазақтың сал-серілік өнерінің тарихына, табиғатына, ерекшелігіне кең талдау жасайды: «Сал мен сері – екеуі екі алуан, екі дәстүр өрнектері, өте ескі дәуірден сақталып, халықтың тіршілігіне көп жаңалық кіргізіп, әдебиетке, ой-санаға игі әсер еткен қазақ мәдениетінің бір жарқын белгілері. Сал-серілер қазақ тіршілігінде ерекше жаралған, дарындылық дарыған, ақындық, шешендік, күйшілік сүйегіне біткен; махаббатқа бас иген, бүкіл өмірін сұлу қыз іздеуге арнаған, мал-мүлкін аямай соның жолына құрбан еткен; ерекше киінген, жүйрік мініп, сұңқар ұшырған ерекше жандар, өмірі аңызға айналған адамдар. Сондықтан олар ел ішінде сыйлы болған» дей келе, Түрік қағанаты, Қыпшақ заманы, Қазақ хандығы дәуірінен бергі жердегі сал-серілерге тоқталады.

Шынында да сал-серілер – тұла бойы тұнып тұрған махаббат; бір жанып, бір тұтанған, өле-өлгенше еш сөнбеген махаббаттың оты мен дертінен жаралған, ғашықтық үшін жаралған адамдар. Өзге жұртта көп кездесе бермейтін; мінген аты, киген киімі, жүріс-тұрысы, өнері де, өмірі де ешкімге ұқсамайтын; махаббаттың отына өртенген, дертіне шалдыққан; ғашықтықтың азабы мен тозағын тартқандар; салдықтың салтанатын құрып, серіліктің сергелдеңіне түскен; қоғамынан, өмір сүрген ортасынан қорғаныш таппай, баяны, тұрлауы жоқ, бейопа ғұмыр кешкен; сұқтың көзіне, елдің қаңқу сөзіне ұшырай беретін; үнемі сұлу құшқан, қыз біткенді өзіне ынтық қылған ақын, әнші, композитор, аңшы әрі құсбегі; ортаның сәні, ұлы даланың өмір салтын қалыптастырған, Алла ерекше сұлу ғып жаратқан ғажайып құбылыс. Ел жақсылары оларды еркелеткен, үкілеп ат

мінгізіп, төріне шығарған; төрелеп төбесіне тұтқан, аялап алақанына салған, аяғын жерге тигізбеген.

Салдық та, серілік те қонған, сүйекке біткен. Сал мен серіні халық шатастырмаған, екеуінің екі түрлі құдірет екенін жақсы білген. Серіні – сері, салды сал деп атаған. Мәселен, Біржан сал, Дәурен сал немесе Ақан сері, Сегіз сері дейтіні содан. Біржанды – сері, Ақанды – сал деп айтпаған.

Өнеріміздегі осы бір ғажайып құбылысты, ерекше өнерді қырық жылдан бері ерінбей-жалықпай, жан-жақты, терең зерттеп келе жатқан, сал-серілердің жарқын бейнесін атқан таңдай жарқыратып аша бастаған кісі – Илья Жақанов. Сал-серілер өнеріне, олардың өмір тіршілігіне, сән-салтанатына, асыл мұрасына, тағдырына, ұлт тарихындағы құбылыс ретінде ерекше мән беріп, арнайы терең зерттеген Ильядай зерттеуші болған жоқ. Ильяның көптен бері айызымызды қандырып, тамылжытып жазып келе жатқан эсселері, ертегідей етіп жүргізген талай теле-радио хабарлары көпшіліктің жадында.

Автор шығармашылығының ең биік белесі де, айтулы табысы да «Фолиант» баспасынан таяуда ғана жарық көрген «Бір кезде Ақан едім аспандағы» деп аталатын хикаяты. Хикаятта Ақан сері Қорамса ұлындай ел еркесінің шырмауықтай шырмалған, төрт аяқтан күрмелген өмірінің ертегіге бергісіз шындығы; сүйініші-күйініші, ғажап пен азапқа, ләззат пен тозаққа толы таңғажайып тауқыметті тағдыры; қасіретті, шиеленісті ғұмыры әсерлі әрі нанымды баяндалады; бұланадай биік тұлғасы шебер сомдалады. Ұлт тарихындағы қазақ сал-серілерінің өмір тарихы құштарлықпен, ыждағаттылықпен талданады; бұрын белгісіз болып келген көптеген жаңалықтармен, деректі, дәлелді айғақтармен, парасатты пайымдармен зерделенеді. Құлагерді өлтірген Батыраш емес, Баракбай екендігіне мүлтіксіз дәйектер табады; Баракбайдай, Жүсіп төредей, Бегалыдай қызғаншақтардың іс-әрекеті әшкереленеді; осы күнге дейін жұрттың жадында жағымсыз образ болып қалыптасып қалған Жанбота болыстың, Жалмұқанның, Хазірет Науанның қоғамдағы орны, өмірдегі жарқын бейнесі қалпына келеді. Ақан серінің Құлагерден басқа да Қоңырат (Салқоңыр), Көкбесті, Қарабедеу, Біржан сал мінгізген Ақбоз секілді тұлпарлары болғанының шындығына; Ақан серінің ақын жүрегіне от қойып, дертіне айналған қос Бәтима, Үш тоты (Ұрқия, Үрімі, Жәмила), Ақшабақ, Жамал, Ақтоқты мен Балқадияша жайындағы ғажайып баянға қанығамыз. Түптеп келгенде мұның бәрі қазақ арасында аңыз боп аты қалған Ақан серінің, оның «Әуеде ұшып жүрген бейнебір ғайып», «Баспа-бас қызға бермес» Құлагерінің, баянсыз махаббатының, бүкіл өмірінің осы күнге дейін беймәлім болып келген аса құнды дерегі, тарихы еді. Жүйелі зерттеу, ойлау, жазу мәдениеті жоғары автор бұл деректерді қырық жылдан бері ерінбей, жалықпай ел ішінен, архивтерден, әсіресе, Ақан өмір сүрген Көкше, Сырымбет өңірлерінен, Қасым қарияның қоңыр дәптерінен, Мағжан Жұмабаевтың зерттеуінен, Батыраштың, Ақтоқтының, Балқадияшаның ұрпақтарынан, өзге де көз көргендерден, анығын естіп білгендерден алады. Сөйтіп, сол дәуірдің шындығын, Ақан өмірінің ақиқатын алдыңызға жайып салады.

Кітаптағы Батыраштың – қарақшы емес, Орта жүздегі текті, дәулетті, аса сыйлы кісі болғандығы; Ақтоқты мен Балқадияшаның ажарлы отбасы; олардың ұрпақтары жайлы жазылған тың әңгімелер оқушысын тебіrentпей қоймайды.

Ақан әндерін жаладан, жамаудан тазартып, қалпына келтірген де, Біржан салдың «Айбозымын», Ақан серінің «Шырмауығын» қайта тірілткен де, өзге де асылдарымыздың сөнген шырағын қайта жаққан да – Илья Жақанов.

Илья 1985 жылы Еңбек Ері, совхоз директоры Ұлтай Нұрсейітовтің үйінде Ақан серімен аталас, Қасым қарияның баласы Ербаһрам Жандосовпен кездеседі. Ербаһрам – Ақан

серінің жақын туысы. Ербаһрамның әкесі Қасым қария (1896 жылы туған) Ақан сері жайында өмір бойы жазған дәптерін Ильяға бір көрсетсем деп армандап жүреді. Ақан сері өмірінің бар шындығы, елеулі кезеңдері, айтулы оқиғалары осы дәптерде қамтылған.

Дәптерді сұраушылар көп болған, бірақ Қасым қария ешкімге бермеген:

– Ақан сері әулетімізге ғана емес, халқымызға иіп бере салған Тәңірдің сыйы еді, ол жайында мына дәптерде жазылған дәйекті сөз, ауызша айтқан қыруар әңгімем – саған, сенің балаңа, балаңның баласына жете берсін.

Ақан сері дүниеден қайтқанда мен он жеті жаста едім. Түр-түсі, іс-әрекеті, мінезі, елде жоқ кірпияз қасиеті, домбыра шертісі, әндеткен үні... бар тірлігі көз алдымда. Басынан кешкен бағы мен сырын, кімді сүйді, кімге налыды... әр әнінің тарихы... Қоңыр аты мен Құлагерінің баянын... бәрін Ақан серінің өз аузынан естідім. Өзіме беймәлім көп жайды аталарымыз бен әжелеріміз, әкелеріміз бен аналарымыз, елдің есті кісілері айтушы еді. Маған отбасыдағы азын-аулақ мал-мүлік, дүние-жиһаздан гөрі әулетіміздің шежіресі дерлік осы дәптер қымбат. Менің саған қалдырар дүнием де, аманатым да – осы дәптер, – деп баласы Ербаһрамға тапсырған. Илья құнды деректердің негізін осы дәптерден алған.

Ақан сері – Қарауыл ішінде Малтабар. Арғы атасы Құдайқұл жүйрік ат мініп, ит жүгіртіп, құс салған даланың еркесі екен. Бозбала кезінде серіліктің әуресімен ауылға сыймай, думандатып ел кезіп, әндетіп ел аралап кетеді екен. Сөйтіп жүріп бір жылы Қанжығалы елінде қызойнақта көкірегі әнге, арманға толы Кенжебикеш деген қызды ұнатып, алып қашады. Құдайқұл мен сол Кенжебикештен – Сапақ, Бекназар, Жаназар туады. Бекназардан – Жарқын, одан – Қорамса, Қорамсадан – Ақжігіт (Ақан сері); ал Жаназардан – Ибраһим, одан – Жандос, Жандостан – Қасым, Қасымнан – Ербаһрам туады.

Қорамса інісі Жандоспен ғұмыр бойы іргесі бөлінбей, ата қоныстары – Қоскөлдің жағасында, Кенащы, Көлденең, Қараталдың бойында бірге көшіп-қонып жүрген. Жаз жайлауы, қыс қыстауы да бір болған. Сондықтан да олар іргесі бөлінбеген Қорамса әулеті аталып кеткен.

### **Қоңыр ат және Құлагер трагедиясы**

Алты жасқа дейін Ақан серінің тілі шықпаған екен.

Бір жылдары салдықтың салтымен Біржан сал Қорамсаның қонысы Қоскөлдің жағасына қызыл, сары, көк шатыр тіктіріп, аспандата шырқатып әнге салады. Ауыл балалары да сол маңға жиналады. Бала Ақан таң-тамаша қалып, аузын ашып, Біржанның әнін ұйып тыңдайды.

«Баласы Қожағұлдың Біржан салмын,

Адамға зияным жоқ, жүрген жанмын.

Байлығы, мансабының керегі жоқ.

Өзім сал, өзім сері, кімге зармын» – деген сөзді Ақан ап-анық естиді.

Дәл осы сәтте кішкентай ғана Ақанның балапан жүрегін қандай сезім билегені белгісіз, кенет «Алақай!... Алақай!» деп шатыр жаққа қарай тұра жүгіреді. Сол күні Ақанның тілі шығып, Қорамсаның үйінде ақ түйенің қарны жарылған қуаныш, дуылдасқан той болады.

Алла тағала сездірді ме, кім білсін, Біржан сал өз әніне елден ерек елтіген, қоңыр қозыдай момақан, кіп-кішкентай Ақанды бауырына басып, мейірлене тебіренеді, үкілі домбырасын береді. Біржан салдың Ақан серіге ұстаздығы осылай басталады.

Ақан серінің әкесі Қорамса – құрығы ұзын, кімнің кім екенін тани білетін, ортасына сыйлы кісі болған. Саудасы жүріп тұрған күндердің бірінде әдеттегіше Атбасар жәрмеңкесіне барыпты. Тобыл жақтағы Қыпшақтың дәулеті шалқыған бір ырысты мырзасымен алыс-беріс жасап, сыйласып жүреді екен. Сол досы жәрмеңкеге келіп жылқы сатыпты. Жылқыларының ішіндегі басымен алысқан, билеп, ойнақшып, шиыршық атқан, ерке қарагер құнанға жұрттың бәрі қызығыпты. Таласып, бірінен бірі саудасын асырыпты. Солардың ішінде алпауыт Көкжал Барақбай да болыпты. Қарагердің бағасын түсірмек болып: «Ұршықша иірілген не бұл өзі? Қостанайдың сығандары сататын атының аузына арақ құйып, өстіп еліртіп, есіртіп қоюшы еді, оны Баттал да үйренген екен ғой», деп даурығыпты.

Баттал күлімсіреп, Қорамсаның иығына қолын салып:

– Қореке, дос-көңілдес жандармыз, екеуміздің арамызға сауда жүрмейді. Ақан деген бұлбұлың бар, соның бәсіресі болсын, қарагер құнан сенікі, – депті. Батталдың сөзін естіп тұрған Барақбайдың содан бастап ішіне қан қатады.

Арада аттай алты жыл өтеді. Ақан сері он алтыға толады. Әлгі Барақбайдың өлшеусіз байлықпен мейманасы тасып, Ақмола уезіне сөзі өтіп, жиған малы жер-көкке сыймай, түкірігі жерге түспей тұрған кезі екен. Жиған-тергені аз болғандай, жер-жерден үйірлеп жылқы айдайтын жанкешті барымташы, сумаңдаған ұры-қары, қандыкөз қарақшы ұстайды екен. Сол ұрлық малды Омбы, Қорған, Түмен айдатып, орыс, қазақ байларының қасапханасына асырып отырады.

Барақбай Қарауыл – Кемел ішінде Нұртаза болыс пен оның інісі Сүлейменді желеп-жебеп жүреді, ым-жымы, ымырасы бір болыпты. Нұртаза – мал-мүлік, дүние жиюға қыры жоқ, ешкімге тізесі батпайтын, кесімді сөз айта алмайтын, жалтақ, көңілшек, кеңқолтық, иі жұмсақ кісі болса керек. Оның мәртебесін көтеріп, билікке араластырып, ақыры Айыртауға болыс қып бағын ашқан – інісі Сүлеймен екен.

Сүлеймен – бас пайдасын жақсы білетін, қолы жүргіш алыпсатар. Әу баста сауданы сүйек, ішек, тері-терсек, тоң май жинап өткізуден бастапты. Сырт көзге өнімсіз көрінетін істен қыруар пайда тауып, Көкшетаудағы май зауытының иесі болып шыға келеді. Омбыдан дүкен ашып, үй салады. Орыс байларымен бірігіп, былғары зауытын ашады. Қаладан елдің тұрмыс-тіршілігіне қажетті тігін машинасын, самауыр, майшам, кілем, жібек маталар, бұлғын ішік, кәмшат бөрік, мылтық, оқ-дәрі әкеп сатады. Алаған қолы – береген. Лауазымды ірілерді сағалап, олардың көмейін тығындап, өзіне қалқан ғып ұстайды. Соның бірі – Алтайдың азулы көкжалы әлгі Барақбай. Ол Көкшетау жағына келе қалса, Нұртаза мен Сүлейменнің үйіне түсетін болған.

Бір күні Барақбай мен Сүлеймен Қоскөлдi жағалап келе жатып Қорамсаның күлтеленген жылқыларына көзі түседі. Алдарынан бір Қоңыр ат жұлдыздай ағып өтеді. Бұл баяғы Қыпшақ байының сыйлаған қарагерінің тұқымы еді. Қорамса оны үйірге салады. Сол жануар текті мал екен, Қорамсаның сары биелерінен ылғи жүйрік туады. Бір күні Барақбай Сүлейменге:

– Аққан жұлдыздай боп көрінген сол бір ат көз алдымнан кетпей, құрғыр түн ұйқымды төрт бөліп, құса қып қойды, дертіме айналды. Ердің құнын сұраса да сол атты маған алып бер, – деп қолқа салады.

Қаншама қолқаласа да Қорамса:

– Бұл Ақанымның бәсіресі, – деп бермейді.

Содан бастап Баракбай Қорамсаға кектенеді.

Бір жолы Қорамса Омбыға екі үйір жылқы апарып сатады. Солардың ішінде әлгі екі сары бие, соңынан ерген қоңыр тай бар екен. Қорамса Ертістің бергі беті Қаржас ауылының шетінде тұрып саудаласыпты. Қоңыр тайды бермей алып қалады. Сатып алған кісі жылқыны Ертістің үстінде салмен алып бара жатқанда, қоңыр тай – екі енесіне, екі енесі қоңыр тайға қарап, ұмтыла шұрқырасып, жағалау азан-қазан болады. Қоңыр тай бұлқынып, тулап, босанып кетіп, жібек арқанымен өзін-өзі өзенге тастап жібереді. Жылқы тиеген сал арғы жағалауға жете бергенде қоңыр тай да қалқып судан шығады. Қорамсаның айқайын ешкім естімейді. Қоңыр тай енелеріне қосылып кете барады.

Осы бір ісіне күйіп-піскен Қорамса:

– Ақанымның қоңыр тайы... Құлынымның бәсіресі... деп, жылқы алған кісінің қайда тұратынын сұрап біліп, Ертістің арғы бетінен қоңыр тайды тауып алады. Кейін Ақан сері «Қараторғай» әнінде:

«Ертістің ар жағында бір терең сай,

Сүйреткен жібек арқан телқоңыр тай» – деп егіліп, елжіреп есіне алады ғой. Сол қоңыр тай өсе келе әйгілі Қоңыр ат болып, Ақан серінің бозбала шағын шалқытады, үстінде қалықтап, көкте жүзгендей болады. Қолында көк қаршыға шаңқылдап, соңында сұлу құмай тазылар сумаң қағады серілік жолына түседі.

Қоңыр атты алшандатып жүріп, Ақан сері алғаш рет жар таңдайды. Жан жүрегін жайнатқан да, сергек көңілін көкке көтерген де, жас қиялына жел берген де, сәулелі ойын сағым ойнаған кең далада тербеген де, әндерін алысқа жеткізген де, үміт пен арманын жалғаған да, жал-құйрығы сүзілген, жібектей есілген – Қоңыр ат болды.

Қоңыр атпен қызды ауылда көлеңдеген Ақан серінің сөйтіп жүріп, алғаш махаббат оты жанады. Сүйгеніне деген құштарлық лебін, сұлу сөздің жауһарын, тылсым әуенін арнайды.

Қорамса Ақан серіге Ноғай Қарауыл ішіндегі Бадырақтың Бекбасының Бәтима есімді қызын атастырады. Бәтиманың үлбіреген уыз пішіні, тал бойына жарасқан ақыл-парасаты, әнді сүйген нәзік сезімі, бал қылығы Ақан серіні үйіріп алады; Ақан сері Ақсу мен Қоскөлдің арасын жол қылып, күн демей, түн демей жосылып, ай қалқыған мақпал түнде бозторғай сілкінген боз таңға дейін Бәтимамен сырласады. Бірте-бірте Біржан сал секілді Ақан сері де бұл өңірді әнмен тербейді. Қайыншылап жүріп Төрелер ауылында, Сұлушоқыда Қоңыр атты тоқ бәйгеге қосады. Қоңыр ат ешбір атты маңына да ілестірмейді. Содан бастап Жүсіп төренің ішінде сөнбейтін қызғаныш оты тұтанады.

Сол кездерде қыс түсе сүзек індеті жұртты қынадай қырып өтеді екен. Желегі желкілдеп, алдағы мамыр айында ұзатылайын деп отырған Бәтима кенет осы дерттен дүние салады.

Ақанның қиялында қолына қайта келіп қонбайтын, қапияда ұшып кеткен бақыт құсы, жәннат дүниесіндегі періштесі... енді ешқашан қолы жетпейтін, сұп-суық тұңғыық түкпірден жылт-жылт еткен сәуле болып қалады. Үміті үзілген ақынды шер күйігі езеді.

Уақыт емші дегендей, екі жыл өткен соң Ақан сері Шомат қажының Бәтимасына көз салады.

Қорамса Ұлықөлдi жайлап отырған Біржан салға:

– Шырағым Біржан, Ақаныңның жүзіне шырай кірді. Бір келіп кетсең, Ақанның жүзінді көріп, лебіңді естіп, одан сайын көтеріліп қалар еді, – деп сәлем жолдайды.

Біржан сал Керей еліне белгілі Данияр ұстаға Ақанға лайықтап жасатқан, ақ күміс жапқан қырғыз ерін ала келеді. Онысы Қоңыр атқа жараса кетеді. Бірнеше күн ән салып, осылай Ақанның құлазыған көңілін көтеріп, қайта сергітеді.

Біржан сал ауылына қайтатын күні Ақан серіге тобылғы сабы алтынмен бунақталған сегіз өрім қамшысын береді. Ат төресі Ақсеркешінің кекілінде желкілдеген үкіні Қоңыр аттың кекіліне тағады. Қыран құс қондыратын қызыл аршадан жасаған балдағын да беріп кетеді.

Қабағы ашылып, көңілі көтерілген Ақан сері:

«Салқоңыр, тізгінің бос, жолың ашық,

Баратын жерім шалғай, жерім қашық.

Үстінен Айыртаудың қарайын бір,

Көзіме көріне ме сүйген ғашық?» – деп атқа қайта қонады.

«Басыңда кәмшат бөркің жарқырағын,

Иығыңда алтын шолпың жалтырағын.

Сыпатың жұмақтағы хор қызындай,

Үніңнен айналайын қалтыраған» – деп жүріп, Шомат қажының Бәтимасына үйленеді. Бәтима Ақан серінің қараңғы көңіліне сәуле шашып, мұңды жүзіне шырай береді.

Қоңыр атпен көлендеген Ақан сері – айдарынан жел ескен бір бекзатқа айналады. Тұлпарын жиі-жиі таңасырып, қу құрсақ етіп ашықтырады. Ат моншасына бұлаулап, қамау терін алдырып, артық етінен арылтады. Қоңыр ат қара тұяғына дейін сүмектеп, ақ сабын боп терлеп, мойыны аққудай иіліп, ақша бұлттай үлпілдеп, бауырын жазып, жұлдыздай жер мен көктің арасында аққан жұлдыздай зулайды.

Әбден бабына келген Қоңыр атты Көкшетаудағы Балуан Шолақтың: «Кешегі сентябрьдің базарында, сындырдым Карон палуан қабырғасын» деп айтатын Сентябрь жәрмеңкесінде бәйгеге қосады. Қоңыр ат бәйгеден жеке келеді.

Келесі жылы жазда Көкше жерінде Шұғыл Бәйгес деген әкесіне ас беріп, екі жүз аттың ішінен бәйгеде Қоңыр ат алдына қара салмайды. Бәйгесіне он жылқы, кілем жапқан ақбас атан, елу қой алады.

Күн сайын даңқы аспандаған Ақанын ел ардақтап алақанына салады. Бірде Қыпшақтың алтын айдарлы батыры Сырымбеттің атымен аталатын, Көкшенің қиял қозғайтын жәннат жерінің бірі – Сырымбетке келеді. Бұл – талай ғашықтың өзегін жарған Сырымбет, Абылайдың ізі қалған, Шал ақын толғап жыр төккен; Біржан салдың әні қалықтаған, Шоқандай кемеңгер туған, Уәли хан әулеті салтанат құрған жұмақ жер.

Бірнеше күн бойы осы өңірде ел-жұртты әнімен риза қылған Ақан серінің Салқоңыры Жүсіп төренің ауылында ойда жоқта кермеде шоңқиып, екі аяғымен жер тіреп, бөксесін көтере алмай, аузынан көбігі ағып, екі көзі адамның көзіндей жаудырап, адамша ыңыранып, иесін қия алмай жан тапсырады.

Қоңыр аттың жұмбақ өлімі Ақанның жанына қатты батады. Жыландай ысқырған қамшысымен жерді осқылап сабай береді... Ақан серіні жер мен көктің арасында асқақтатып, махаббат пен сұлулық дүниесінде емін-еркін ессіз шалқытқан Қоңыр ат енді жоқ. Ақан серінің жан-жүрегін тәтті қиялға толтырған Қоңыр ат – «Салқоңыр», «Сүйреткен жібек арқан тел қоңыр тай» дейтін «Қараторғай» ендігі жерде әнінде аңсаумен өтетін өмірінің үміт сәулесі болады да қалады.

Аспандағы аққудың қанатына әнін жалғап, беймаза дәуреннің ойға-қырға салған әуресімен шабыт құшағында асып-тасып жүрген Ақан сері жиырма үш жасында (1866 жыл) өстіп тағдыр тәлкегінің тағы бір кәріне ұшырайды. Көңілін құстай ұшырған Қоңыр аттың өлімі опындырады да кетеді.

Көп ұзамай, Бәтимасы босанып, Ақан сері жиырма үш жасында перзентті болады. Нағашысы Шөкетай құтты болсын айта келіп Қорамса екеуі Қоскөлді жағалай жайылған жылқыларды аралайды. Жұрт мақтайтын қарагер айғырды көреді. Жал-құйрығы жер сүзген апайтөс, кеудесі толқын жарған Ыстамбұлдың кемесіндей, шоқтығы биік, екі көзі маздаған шоқтай, кісіге адамша қарайтын жылқыны көріп, бірден көзіне Қоңыр атты елестетеді. Оның осы қарагер айғырдың тұқымы екенін білуші еді. Сөйтіп тұрып, сары биенің қасында жас құрақты бырт-бырт үзген бір еркек қара тайға көзі қадалады.

Үйге оралған соң, шәй үстінде Шөкетай: – Қореке, малыңның құты болған қара айғырың әлі бабында екен. Дүние деген итті тауып жүрміз ғой, мен де бір кәдеңе жарармын, әлгі қара тайың көзіме жұлдыз боп көрінді, соны маған қи, – деп қолқа салады. Қалағаның осы болса деп, Қорамса қара тайды жетектетіп жібереді.

Арада жылдар өтеді. Сол қара тай азулы, айбынды қара айғыр болады. Бір боз биеден туған құлындары шетінен жүйрік шығып, төңірегін таңғалдырып жатады.

Қорамса бірде Шөкетайдың ағасы Елторының шаңырағына келіп түседі. Өткен-кеткен әңгіме айтылады. Ақанның Қоңыр аттан айырылып, күйзеліп жүргені сөз болады.

Шөкетай:

– Қореке, бұл жайға біз де қанықпыз. Барып қайтайын деп талай оқталдым, қу тірліктен шыға алмадым. Ана жылы сіздің қарагер айғырыңыздың үйірінен алып келген қара тай бүгінде әйдік айғыр. Содан бері Шөкетайдың жылқысы да бірте-бірте текті тұқымға айналды. Сол арқасы қоңыр, бауыры сап-сары ерке құлыныңыз биыл құнан шықты. Біз оны Құлагер дейміз. Құлагер осы өткен сәуірде үйірге таласып, мына Ащылы төңірегін азан-қазан, у да шу қып, өзімен жасты сәуіріктің бәрін шыңғырта шайнап, тепкілеп, жылқыдан бездіре қуды. Онымен қоймай, көрші ауылдың азулы айғырларымен шайнасып, қызыл ала қан боп, қасқыр талағандай жарақаттана берді. Бүйте берсе бір күні майып



болар деп, Шөкетай екеуіміз ақылдасып, піштіріп жібердік. Әп-сәтте жыны басылды. Жуас. Астынан бала жүгіріп өтсе де тырп етпейді. Қоян жақ. Бөкен қабақ. Кекілі келте. Жалы сұйық. Алқымы алқа-салқа. Салпы ерін. Тоғыз шелек су ішсе де бүйірі шықпайтын қу құрсақ. Артқы екі аяғының арасы далиып жатқан кең дала... Талтақтай басқанын көрген сыншы біткен, шіркін-ай, біздің қолға тисе ғой мұндай пырақ деп шерменде болып жүр, – деп ұзақ-сонар әңгіме айтады.

Әңгіме Қорамсаның жан дүниесін босатады, ұйып тыңдайды:

– Ақанымның Қоңыр аты өлмепті. Оны жоқтатпайтын Құлагер бар екен. Құлагер үшін келдім, Елеке. Саудагердің сөзінде пәтуа болушы ма еді, соның бірі өзіміз емес пе? Шөкетайың бірде бие, бірде түйе, кейде тайғанақтап кетеді. Тілін емізген Самарқанның сарттарындай сөзімен арбайтын Сүлейменнің арбауына шырмалып, бір күні Құлагерді сатып жібере ме деп қорқамын. Құлагерді біздің үйдің кермесіне байлайтын өзің бол. Тегін жатқан дүние жоқ. Ақанымнан ештеңені аямаймын, – деп қиылады.

Шөкетай:

– Қореке, Ақаның Біржан салдың алдында он үш жасында ән салды, он алты жасында үкілі домбырасын бұлғақтатып алқалы топтың алдына шықты. Ерте есейді. Бүгінде атағы жер жарады. Жиеніміздің жан жарасы жазылар. Жігіттің қайғысы сұлу жардың төсегінде, қыран құстың қияғында, тұлпардың тұяғында қалады деген, шерлі көкіректі осы үшеуі емдейді. Барақбай мен Сүлейменнен келгенді көріп алармыз, қалағаныңыз Құлагер болса, бір амалын табармыз, – деп, риза қылып қайтарады.

Ақан сері де Біржан салдың ауылынан олжалы оралады. Көңілі көтерілсін деп ұстазы шәкіртіне ақбоз айғыр мінгізіп, Қорамсаға – түлкі ішік, Жаңылға – күміс қапсырмалы мақпал қамзол, Бәтимаға алтын сырға, алтын алқа, күміс шолпы беріп жібереді. Ақан серінің нөкерлеріне түгел ақбоз ат мінгізеді.

Көңілі жадыраған Ақан сері нағашысы Шөкетайдың ауылына келеді. Ащылыдағы аз ғана түтіннің кәрі-жасы жиылып, Ақан серінің әнін тыңдайды.

Ертеңінде сәскеде Ақан сері тысқа шығып ащы аязда, қора жақта, ойпаңдау жерде, көк мұзда серейіп жатқан кер дөненді көреді. Төрт аяғы төрт жақта. Қаннен-қаперсіз. Тамылжыған шілденің шаңдағында ұйықтап жатқандай, тырп етпейді. Артқы екі аяғының арасы ел көшкендей. Кеудесі шығыңқы. Болат тұяқ. Астыңғы ерні салбырап, танауынан үзік-үзік бу шығады. Құйрығы қып-қысқа, жалы сұйық. Жағында қырым ет жоқ. Шабы сарғайған бір сары жұрт... Арқасы көп-қоңыр ұйысқан жүн. Екі көзінің айналасы тершіп, кекілі селтиіп, бозқырау шалған қамыс құлағы қимылдамайды.

– Осындай да мал бола ма?, – деп Ақан сері аң-таң боп тұрғанда, ту сыртынан нағашысы Елторы келіп:

– Бұл – жалғанның малы емес, қылқұйрықтының жұлдызы, жігіттің шырағы, дүйім жұрттың намысы. Туа бермейді мұндай жануар. Биыл дөнен. Сынға түсер дер шағы. Аз оттайды. Өстіп көп ұйықтайды. Тынысы кең. Астындағы көк мұзға қарашы, көктемнің шуағы түскендей, жып-жылы боп еріп жатыр. Қоңыр атың тірілді, Ақанжан. Кердөнненің былайғы аты – Құлагер! Ал, бұл енді сенің қанатың, – дейді.

Көп ұзамай, Құлагер Ақан серінің қолына тиеді. Ә деп мінген сәттен-ақ жануар жер мен көктің арасында самғайтын қанаты бар құдірет болып көрінеді.

Ақан сері Құлагерді өзге жылқыдан бөлек ұстайды. Арнайы құдық қаздырады, қайыңнан қора, жер астынан монша салдырады. Ол моншаны «Ақбалтыр» деп атайды. Түн болса жібек арқанмен көк майсаға арқандап, өзі күзетіп жатады.

Сол жазда Ақан сері Құлагерді Көкшетауда Шағалалы өзенінің теріскей беті – Қызылжарға шығатын жолдың жағасында жыл да өтетін «Сентябрь жәрмеңкесінде» болатын аламан бәйгеге қосады.

Құлагер «Сентябрь жәрмеңкесіндегі» бәйгеде екі жүз елу аттың ішінде ойнақтап жеке келеді. Іле-шала Омбыдағы Қаржастың асында да үш жүз аттың алдында келеді. Саққұлақ бидің баласы Нұралы, Зілқараның баласы батыр Әлібек, Жанбота болыс пен Біржан сал, Ақан серіні ардақтап, Құлагерді қыр қылады. Ертеңіне осы топ көшкен елдей жарасып, Біржан салдың ауылына барады. Әлібектің жанына айдай сұлу қызы Ақшабақ ілесе келеді. Ақшабаққа Ақан сері есі кетіп, ғашық болады.

«Қызы бар Әлібектің Ақшабақтай,

Жүруші ем заманымда қызды жоқтай» – деп басталатын «Ақшабақ» әні «Мың бір түн» ертегісіндей аңыз боп ел ішіне тарайды да кетеді.

Зілқараның Әлібегі – Әлібек батыр даңқы асқан, ел ішінде сыйлы болған, тура бидің сөзін сөйлеген әділ, көкірегі көк тіреген дәйлердің өзін тәубесіне түсіретін; Атығай, Қарауыл, Керей, Уақтың ту етіп ұстаған айбарына, құты мен намысына айналған кісі. Әкесі Байтоқаұлы Зілқара – «Қазақ ақсүйегі» атанған, патшадан подполковник шенін алған адам, әйгілі «Жиырма бес» дейтін әннің авторы. Оның Мұса дейтін ұлы – кезінде Шыңғыс төреден кейін аға сұлтан боп ел басқарған. Зілқараның әулетімен ешкім тек салыстырмаған.

Көкшетау дуанындағы Ақсары болысын басқарып отырған Атығайдың тағы да бір арысы Жанбота Қарпықұлы осы Зілқара әулетімен жұлдызы жарасып, тонның ішкі бауындай араласады. Ақынжанды, сері көңілді Әлібекпен Біржан сал да дос болады. Біржан сал тобымен таңды таңға ұластырып ән салады.

Әлібек – Ақан серіден көп үлкен, әкесіндей адам. Омбыдағы жүздесуден кейін Әлібек оған құдірет боп көрінеді. Әлібек болса Ақанды ардақтап, ылғи қорғап-қораштап жүреді. Ақанды Керей еліндегі Жыршы дегеннің асына алып баратын да – осы Әлібек.

Сол аста Ақан бірнеше күн асқақтатып ән шырқайды. «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Қозы Көрпеш-Баян сұлуды» таңды таңға ұрып жырлайды. Жан рахатына бөленген, айызы қанып, разы болған жұрт: «Жанақ өлмепті», «Шөженің арманы жоқ», «Біржан сал жалғыз емес екен» деп дуылдасып, Ақан серіні ардақтап, рухын көкке көтереді.

Жыршының асында Құлагер бәйгеден келіп, екінші болып мәреден Әлібектің Бәйгеторысы өтеді. Ақмәліш Барақбайдың Жезкүреңі – бесінші, Біржан салдың Айбозы – алтыншы, жетінші болып Әлібектің Дөненторысы келеді.

Қаскөй, қызғаншақ Барақбай осы жолы да шатақ шығарады, бірақ Әлібек оның үнін шығармай, мысын басып тастайды. Бас бәйге – жүз жылқы Құлагерге беріледі. Құлагердің даңқы аспанға шығады.

Осы астан кейін де Әлібек Ақан серіні арнайы шақырып, ауылына апарды. Әлібектің ауылында таңғажайып ертегі дүниесіндей күндер өтеді. Елдің ауызында Ақан сері, Құлагер болады.

Ақан сері қайтатын күні Әлібек:

– Қылқұйрықтың тұйғыны деп сылап-сыйпап, мәпелеп ұстаушы едім, осы бір сүйріктей кара бедеуді алдыңа тарттым, Ақанжан. Сұлу аттың үстінде көркейіп, сәулетті болып жүр, иығыңа жанат ішік жаптым, Ақанжан! Қиырдан шолатын қыраным еді, Қараторғайды қондырдым, қолыңда түлет, Ақанжан! Түзді сүйетін жүрегің бар, мына бір берен мылтықты да ілдім еріңнің қасына.

Орта жүздің сайраған бұлбұлы, жайнаған гүлі де сенсің; ажары да, базары да сенсің; әні де, сәні де сенсің. Самғайтын тұлпарсың, ұшатын қырансың, аспанда қалықтай бер, шырағым! – деп, қошеметпен шығарып салады.

Әлібектің Ақан серіге өкіл әке атанатыны осы кез екен.

Қыпшақ елінде бір сұрапыл ас өтетін болып, бүкіл Торғай дуаны дүрлігіп, Үш жүзге сауын айтылады. Сол асқа Ақан серінің тобын тағы да Әлібек батыр бастап барады. Бас бәйгені Құлагер алады.

Осы бір кездерде Ақан сері Құлагерінің үстінде қайғысыз-қамсыз бұлғақтаған күндерді басынан кешеді. Ел іші: «Ақан сері жар сүйіп, жар қызығын көрсе де, ол бұл заманның адамы емес, ол перінің қызына ғашық екен» деп те әңгіме таратады. Жан біткенді қилы-қилы толғанысқа салып, әйел затын құмарлық отына күйдіретін алуан сырлы әндерін де сан-саққа жүгіртеді.

Илья Жақанов өз кітабында сал-серілердің тағдырына қатысты жаныңды тербейтін, аяныш сезіміңді қозғайтын көптеген мысалдар келтіреді.

Мәселен, Үкілі Ыбырай ұсталып, атылып кеткенде ел оның әндерін Біржан сал, Ақан сері, Балуан Шолаққа теліп, кейбіреуін халық әні атап кеткен. Ол ол ма, Үкілі Ыбырайдың «Толқын» деген әнін кешегі саясат «Елім бар» деген атпен колхоздастыру науқанының насихат әніне айналдырып жібереді.

Партияның қылышынан қан тамып тұрған заманның өзінде Илья Жақановтың Үкілі Ыбырай туралы «Аққулар қонған айдын көл» деген эссе жазғаны, оны алдымен «Жұлдыз» журналында, одан соң кітабында жариялағаны көпшіліктің жадында ғой деп ойлаймын. Ыбырайдың атын атай алмай жүрген кезде Ильяның сондай эссе жазып жариялауы, шын мәнінде көзсіз батырлық еді.

Ендігі жерде Құлагер Ақан серінің жан рахатына, құштар сезіміне, қызулы шабытына, атын әлемге жайған, көңілін көкке көтерген күдірегіне айналады. «Тайбурыл да осы Құлагердей болған шығар» деп шаң жұқтырмайды.

«Маңмаңгер, кекілің келте,

жалың майда,

Баптаған сені сылап, қалқатай да», – деп айтылатын жан-жүрегіңді баурайтын «Маңмаңгер» әнін осы кезде шығарады. Бұл ән кезінде «дариға-ай, ендігі өмірімде

осындай бір ән шығаруға дәрменім жетер ме екен» деп, Біржан салдың өзін де толғандырып, тебіренгенді.

Құлагердің желігі Ақан серіге маза бермейді. Жалғанды жалпағынан басқандай, мерейі тасып, қолында Қараторғайы, соңында құмай тазысы Базарала, сылаң қағып, бірде Есіл, Құланөтпес, кейде Нұраны жағалап, қарағай-қайыны сыңсыған Тобылға дейін барып, ел-елді думанға бөлеп жүреді.

Бұл кезде Ақан сері мен Бәтима тағы бір перзент сүйеді. Оның атын ілгергі үмітпен Дәмелі деп қояды.

Құлагердің желігімен аспандағы аққу үніне әнін жалғап, шалқып-тасып жүрген күндердің бірінде, Ақан сері Сарыарқаға аты шыққан айбынды әулет – Аққошқар Сайдалының асына қатысады. Бұл жолы да оны желеп-жебеп, үлкен салтанатпен Әлібек алып барады. Бәйгеге үш жүз ат қосылады. Құлагер – алдында, екінші боп Барақбайдың Кетеберкөгі келе жатады. Сол кезде Әлібек пен Ақан серінің жанында тұрған Барақбай:

– Не ғып тұрсың сүмірейіп? Сүйрет! Тарт ана атты! – деп, қамшысымен өзінің даяшысы Бөрібайды тартып-тартып жібереді.

– Ережеде ат сүйрету бар ма еді? – дейді Ақан сері.

Ызадан, намыстан жарылғалы тұрған Барақбай Ақан серіні балағаттап, бірталай сөз айтып тастайды.

– Ата сақалың ауызыңа түскен шағыңда ел алдында қадіріңді кетірмей, алжымай жүр, Барақбай! Әкем Қорамса сен сияқты ұры-қары жұмсап, мал тауып көрген жоқ. Тапқан малыңның, ұстаған мүлкіңнің бәрі арам. Бір кезде қоңыр атыма сұқты көзіңді қадап, ала алмап едің құса боп, енді ішіңді Құлагер өртеп жүр, қыр соңымнан қалмай-ақ қойдың, Барақбай! Қамшы сілтеген олай емес, былай! – деп Ақан сері Бөрібайды қақ бастан тартып жібереді. Жара басынан қан шып ете түседі.

– Осы қан есінде болсын, Ақан! Қан жылатам, – дейді.

– Бөрібайдың сөзін ұмытпа, Ақан, – дейді Барақбай.

Ақан серінің жігіттері ұмтыла бергенде:

– Жә, дүрлікпендер, Барақбайдан келген пәлені көрдік, – деп, Әлібек басу айтады.

Бұл дәйекті автор Мағжан Жұмабаевтың «Ақан сері» атты зерттеуінен, Ақан өміріне қатысты аса құнды мұра – Қасым қарияның дәптерінен келтіреді.

Аққошқар-Сайдалы асынан мол олжамен оралған Ақан серінің отбасында тағы бір перзент дүниеге келеді. Үміті мен Дәмелісінен кейін Бәтима ұл туады. Нәрестенің атын Ибраһим қояды. Оны кейін бәрі еркелетіп, «Ыбан» деп атап кетеді.

Көп кешікпей Бәтима дүниеден өтеді. Ақан сері тағы да қайғы-мұңына батады. Бәтиманың қайғысы Ақан серіге: «Өлім маған үйреніп алды, мен өлімге үйреніп алдым» дегізеді. Өз сөзіне қасара түсіп: «Тәлкек қылған аяусыз тағдыр, енді мен сені тәлкек қыламын» – деп белін буады.

Сөйтіп жүргенде тағы да бір үміт оты жылтылдайды. Ол – жан біткенді таңғалдырған, елжіретіп, есті алған болжаусыз сәуле – Ақтоқты. Сырымбетті жайлаған Жақсылық – Қарауылдан шыққан орта дәулетті момын Бақтыбай дегеннің қызы. Ақтоқты – көркіне ақылы сай, ақынжанды, нәзік сезімді, айтулы қыздардың ішіндегі шолпан жұлдызы, жігіттің дүрі – «шіркін, менің жарым болса» дейтін арман еді.

Ақтоқтының басы бос емес. Ырысы көл-дария боп шалқыған Сүтемген байдың айдарынан жел ескен мырзасы Жалмұқанға атастырылған. Соған қарамастан Ақан серіні тағы да бір түлен түртіп, жүрегінің әміріне ырық береді.

«Ақтоқты, шашың жібек, жүзің айдай,

Адамзат сыпатыңа таңғалғандай.

Дерт болып жүрегіме сен жабыстың,

Тілекті жеткізейін қапы қалмай», – деп, Ақтоқтымен қызойнақ, шілдеhana, басқа да жиындарда кездесіп жүреді. Өнге балқыған Ақтоқты Ақан серіге көңілін білдіреді де.

Ақыры ұзатқалы жатқан Ақтоқтыны Ақан сері Қарабедеуге мінгізіп алып қашады. Ілешала қуғыншылар шығады. Шауып келе жатып Қарабедеу томарға сүрініп, омақаса құлайды. Ұшып түскен Ақтоқты шырқырап:

– Ақан, сен де есінді жи, мен де есімді жидым. Бір баянсыз іс болды, ұмытайық. Ата салтын аттағым келмейді. Ата-анамның тілегі кесілмесін, мен Жалмұқандықпын, – деп безек қағады.

Осы сәт қуғыншылар да жетіп, Ақтоқтыны атқа өңгеріп ала жөнеледі.

Тағдыр тәлкегіне түсе беретін Ақан серінің тағы да сағы сынады. Бақтыбай ауылы тездетіп Ақтоқтыны ұзатуға кіріседі.

Ақбоз үйдің ішінде көз-жасын төккен:

– Болар іс болды, ел-жұртым, мен енді Жалмұқанның жарымын! Аужарымды ел еркесі Ақан сері айтсын, – деп отырып алады. Ақтоқтының тілегі қабыл болып, Аужарды Ақан сері айтады.

Сөйтіп, Ақан сері үшін Ақтоқты бейопа арманның айтылмаған әні болады да қалады. Ақан Ақтоқтыға бес ән арнайды.

1876 жылы Паң Нұрмағамбет әкесі Сағынайға ас беретін болады. Нұрмағамбет Сағынайұлы – болыс болған, ел билеген қайраткер, қазақ меценаты. Омбыдағы көрмеге ол тіккен үй заманында Нижний Новгородта ұйымдастырылған Бүкілресейлік асыл бұйымдар мен ұлттық өнер ескерткіштерінің көрмесіне, кейін Парижде өткен көрмеге қатысып жүлде алған.

Дала өлкесінде жылқы өсіруді дамытқаны үшін патшадан алтын медаль алған. Ауылда ағаштан мешіт тұрғызған. Қажылыққа төрт рет барып, сол жақтан қажылыққа келетіндер үшін арнайы үй сатып алған. Алаш қозғалысына қаржылай көмек беріп тұрған.

Үш жүзге сауын айтып, әкесі Сағынайға Ерейменнің етегі Қусақ көлінің жағасында ас береді. Асқа бір мың жылқы, екі мың қой сойылады. Жарықтық Кенен Әзірбаев: «Қазақта бұрын-соңды Сағынайдың асындай ас болмаған» деп отыратын.

Құлагер бәйгеге соңғы рет осы Сағынайдың асында қосылады. Үш жүз жетпіс ат күндік жерден айдалады. Көз ұшында сағымдай бұлдырап, ойқастап жеке-дара келе жатқан Құлагердің шекесіне шокпар тиіп құлайды. Ереймен теңселіп, Ұлы дала, қара орман шайқалғандай болады. Ақан сері Құлагерінің басын құшақтап үш күн жылайды.

«Қырмызы, қара құлпы құйрығың-ай,

Суырылып топтан озған жүйрігім-ай.

Жеріне Ерейменнің айдап келген

Тәңірдің неғылайын бұйрығын-ай» – деп жоқтайды. Бұл оқиға асқа келген есепсіз елдің сай-сүйегін сырқыратып, жүрегін қан жылатады. Ақан серінің «Құлагер» әні қазақ даласын тегіс шарлап кетеді.

Илияс Жансүгіров те, Ақан сері жайында жазған бірқатар зерттеушілер де Құлагердің трагедиясына кінәлі деп Батырашты атайды. Бұл пікірдің теріс екендігін, Құлагердің өліміне кінәлі Батыраш емес, Барақбай екендігін алғаш айтқан – ақын Мағжан Жұмабаев. Қасым қарияның дәптерінде де сол Барақбайдың есімі аталады. Өзінің ұзақ жылғы зерттеулерінің нәтижесінде Илья Жақанов Барақбайдың зұлымдығын айғақты, дәйекті деректермен мүлтіксіз дәлелдейді. Сөйтіп, Илья Ақан сері өмірінің осы уақытқа дейін күмәнді болып келген, қазақ зиялыларын күпті қылған мәселені шешіп береді.

### **Махаббат азабы**

Жан жары Бәтиманың қазасы, Ақтоқтымен арадағы көрген түстей шым-шытырық оқиғалар Ақан серіні күйзелтіп, есеңгіретіп жібереді. Ел барды жоқ қып, жоқты бар ғып гулейді. Тағдырдың тәлкегіне түсе беретін Ақан сері соның бәрімен іштей күресіп бағады.



Ақан серінің астында бүгінде – Көкбесті ат. Сырымбетпен екі ортада салдыртып жүріп, ойда жоқта бесіктей тербеген, самалдай желпіген бір ғажайып ән шығарады:

«Мен бүгін ұйықтап жатып

көрдім бір түс,

Көргенім – бақ иранда үш тоты құс...»

Бұл әнін «Үш тоты» деп атайды. Дәл осы кезде Ақан серінің өз өмірі өзіне көрген түстей болып көрінеді. Ән лезде тарап, Біржан салдың өзін елжіретеді.

Ақаннан сондай ән тудырған, серінің жанын сергітіп, есін алған, бүкіл жан дүниесін тербетіп, санасына саялаған «Үш тотысы» кімдер еді? Олар: Тінәлі қажының Ұрқиясы, Үрім Майқоққызы, Шыңғыс төре әулетінің бір гүлі, Жүсіп төренің Жамалы еді. Жігіт біткеннің жүрегін талдырып, діңкесін құртқан, тамсандырып-таңғалдырған, шетінен әнші, бармағынан бал тамған үш аруды Ақан сері «Үш тоты» деп атайды.

Ұрқия Кемел-Боқан әулетінің тұтқалары, Арқаға аты мәлім Нұртаза мен Сүлейменмен бірге туған Әнәпияға атастырылған. Бірақ Ұрқияның оған барғысы жоқ, Ақан серіні сүйеді. Бұл оқиға онсыз да бұрыннан Ақанмен қырғи-қабак болып жүрген Нұртаза мен Сүлейменнің жанына мұздай қатып, аяздай батады.

Ақан сері Көкбестімен Ұрқияны алып қашады. Соңына түскен қуғыншылар ұстап алады. «Ақан! Ақан!» деп шырқыраған Ұрқияның дауысына шыдай алмаған Тулақ батыр:

– Ақан серідей жігіттің піріне, Ұрқиядай тотыға қандай қанды көздің қолы барады? Тимендер! – деп елірген қуғыншыларды басады. Тулақ батырдан ешқайсысы аса алмайды.

Сөйтіп, Тінәлі қажы Ұрқиясын өз қолымен ұзатады. Ақан серінің сөнген шырағы қайта жанады. Ел-жұрт «Үш тоты», «Ұрқияның аужары» әндерін тойда, аста, шілдеhana, қызойнақта махаббаттың шәрбат жыры қылып айтады. Ақан сері тағы бір жұмақ дүниесінің есігін ашқандай, дүниені жалпағынан басып, жадырап, шалқып жүреді.

Амал не, бұл қызық та қалғып бір кеткен тәтті ұйқыдай өте шығады. Үш-ақ ай отасқан Ұрқия шешек індетінен қайтыс болады. Ұрқияның жетісін беріп жатқан күні Ақан серінің інісі Айберген аттан жығылып мерт болады. Бұл қасірет аз болғандай, бір түнде қанат-құйрығынан жұрдай болған Қараторғайы өліп тынады. Естіген ел жағасын ұстап жатқанда, құмай тазысы Базарала у жалап, ол да өледі.

Осының бәрі Ақанды әбден қалжыратады. Серінің тек сүлдесі ғана қалады.

«Басты ғой қайғы-қасірет

мен пақырды,

Дүниеден арманда боп сәулем өтіп» – дейтін азалы әні жүрегін тілімдейді. Ендігі жерде Ақан сері жұрттың масадай ызындаған өсегінен, елдің сөзінен, сұқтың көзінен қашып, Көкбестімен сенделіп, тауды жебелеп, суды сағалап, құла түзді паналайды; тұнжыраған тұңғиық қиял құшағынан ләззат іздейді. Бірінен – тірідей, бірінен өлідей ажыраған өткеннің елесі – қос Бәтима мен Ақтоқты, Ұрқиямен қиял жетегінде сырласқандай, мауқын басқандай болады, көрген қызығын елестетіп, шалықтап, олармен тілдесетінді шығарады.

Келер жылы әкесі Қорамса мен анасы Жаңыл өтеді жалғаннан. Сарыарқаны әнге бөлеген, Көкшенің даңқын көкке көтерген, қазақтың сәні мен салтанатына айналған ұлы ұстазы Біржан сал да өтеді жарық дүниеден.

Қайғының кара бұлты арылмай-ақ қояды. Осыдан соң Ақан елі ішіне сыймай құла түзді, ең даланы біржолата кезіп кетеді...

Бір күні Ақан: «Қу тағдыр, менен алмаған тағы нең қалды? Көшке ілескен иттей қыр соңымнан қалмай-ақ қойдың ғой!» – деп орнынан ұшып түрегеліп, Көкбестіге мініп, тамылжыған жаз айының бірінде Көкшетауды бетке алып жүріп кетеді. Ат үстінде түпсіз-

шексіз ойдан қажып, әбден шаршағанын сезген Ақан сері мүлгіген бір қалың қарағайдың шетінде отырған жалғыз үйге бұрылады. Төңіректі шолып, маңның Қызылағаш екенін, Сүтемген байдың жайлауы екенін, анау ақша бұлттай ағарған ауылдың – Ақтоқты мен Жалмұқанның ауылы екенін таниды. Бірақ көңілі алабұртып Сырымбет жаққа тарта береді. Ақыры сұлу Сырымбеттің етегінде күмістей жылтыраған тас бұлақтың басында, бұлбұлы сайраған бұйра талдың ішінде Жамалмен жүздеседі. Бірнеше күн кездесіп, бал жаласады. Жамалдың көркіне, мінсіз бойына ессіз балқыған Ақан сері:

«Қыздарды мен қайтейін

қылаң-сылаң,

Қалайша ғашық отқа сабыр қылам.

Жайнатқан өмірімді қалқа бала,

Басы – «жұм», ортасы – «мим», аяғы – «ләм» – деп жұмбақтап, меңіреу даланы ұйқысынан оятып, қалықтаған әнге салады. Жұмбақтағаны – Жамал, 1882 жылы туған, Ақан серіден отыз тоғыз жас кіші екен. Жұрт: «Ақан Жамалдың әкесіндей адам емес пе, мұнысы неқылғаны» деп кінәлайды. Жүсіп төре жынданып кете жаздайды. Қызын тездетіп атасқан жеріне ұзатып жібереді.

\*\*\*

Ертеде Қызылағашта Ғабит Мүсіреповтің «Ақан сері – Ақтоқты» пьесасы қойылады дегенде қариялар: «Асылымызды қорламандар! Жалмұқан мен Ақтоқтының өміріне бүйтіп дақ салмандар! Өсіп-өніп отырған жазықсыз әулеттің бала-шағаларының көңіліне қаяу түсірмеңдер. Бізге жалған сөздің керегі жоқ» деп әртістерді қайтарып жіберген екен.

Расында Жалмұқан – уызына жарыған, өрісі де, өресі де кең, қайырымды, кісілікті, елге қадірлі кісі болған. Ақтоқтымен екеуі жұрт қызығатындай жарасымды өмір сүрген.

Ақтоқтының келін боп түскен жері – Жақсылық елі – Қарауылдың іргелі атасы, әнші ел. Жақсылықтың бір тұтқасы, айбарлысы – Сүтемген бай, бай болғанда дүниеқоңыздығымен емес, берекелі, адамгершілігімен, көшелі кісілігімен күллі Арқаға даңқы жеткен адам. Менмін дегендер онымен құдандалы болуды армандаған. Оның ақ ордасында ел ардақтаған шешендер мен билер, даналар мен көсемдер, әнші-ақындар кеңес құрған. Сүтемгеннің дархандығы балаларына дарыған. Әкесінің бар дәулетін Жалмұқан ұстаған. Ол дүниені текке шашпаған. Қарағайдан қидырып мешіт, медресе салдырып, молда ұстап, балаларды ізгілікке тәрбиелеген, кем-кетікке қол ұшын берген.

Жалмұқан мен Ақан серінің арасындағы сыйластықты білетіндер күні кешеге дейін аңыз қылып айтып жүрген. Жалмұқан Ақанды ауылына жиі шақырып тұрған. Жұлдызы жымыңдаған айлы түндерде төсекте көгалдың үстіне салдырып, Ақтоқты үшеуі қатар жатқан. Ақан сері Жалмұқанның осы ісіне сенер-сенбесін білмей, ыңғайсызданып, бұл ауылға келуін тоқтатқан.

Қазақ еліне қайғы-қасірет, зобалаң әкелген қызыл қырғында Жалмұқан мен Ақтоқты мыңғырған малдан, шалқыған дәулеттен айырылып, арып-ашып, әбден титықтап, ауыл шетіндегі иесі өлген бір қыстауды паналайды. Тіске басып, талшық етер түк қалмайды. Өзектері талып, көздері қарауытып, қуаттан айырылады.



Сол бір заманның кесірінен қазақтың шаңырағы шайқалып, астаң-кестеңі шығады. Бір кездегі берекелі, салтанатты, дәуір сол жақсылармен бірге кетеді. Өткен өмір бүгінгіге аңсаулы арман болып қалады. Содан бастап қазақтың басын бұлт торлап, айықпайтын дертке ұшырайды. Ақылға сыймайтын, неше түрлі келеңсіздіктер, сорақылықтар, бұрмалаулар етек алады.

Ақан серінің «Балқадиха» әні де бұрмаланып:

«Дегенде, Балқадиха, Балқадиха,

Күйеуің сексен бесте, шал, Қадихай – деп айтыла бастайды.

Соғыс жылдары Зерендінің Кеңөткелінде бір әнші «Балқадиханы» бұрмаланған сөзімен айтыпты. Сонда залда отырған Балқадиха:

– Мына жазған не деп отыр? – деп биязы мінезімен мұңая басын шайқаған екен. Ашуланған бір ақсақал:

– Аққудың көгілдіріндей үлбіреген Балқадиха өз сүйгеніне ұзатылған. Міне, осы концертте ортамызда отыр. Сен лағып не деп тұрсың өзің? – деп, әлгі әншіні сахнадан қуып шығыпты.

Осы оқиғаны да, қазақ өнеріне көпе-көрнеу жасалған қиянаттың өзге мысалдарын да біз Ильяның кітабынан оқимыз:

– «Жиырмасыншы, отызыншы жылдары қазақтың көп әні жаңа социалистік қоғамның насихат құралына айналып, өзінің о бастағы сөзінен, мәнінен ажырады. Колхоздастыру, сауатсыздықты жою, әйел теңдігі науқаны басталғанда Үкілі Ыбырайдың «Толқын» әні – «Елім бар колхоз болып дүрілдеген» деп; «Ақбаян» әні – «Ой, Ленин, Қараңғыда көп елің» деген қайырмамен; «Балқадиха» әйел теңсіздігін шектеген ән болып шыға келді» – деп жазады автор.

Ол кезде қазақ тексізге қыз бермеген ғой. Келінді бар жерден, текті жерден алған, қызды өскен, өнген елге берген.

Бұрыннан аралас-құралас, бір-бірін жақсы білетін Масабай Ыбыраймен құда болады. Балқадиханың (шын аты – Төкен) болашақ күйеуі – елге сыйлы сол Масабайдың Сүлеймені.

Ақан сері Балқадиханы жақсы біледі. Қырдың гүліндей көз алдында құлпырып өскен Балқадиха. Бүгінде ол – бұл өңірдегі айтулы сұлулардың ішінде жұлдызы биік періште. Ақан сері Ыбырайдың үйінде талай болып, ән шырқаған, бұл елді талай әнге бөлеген, гауһардай жалт-жұлт еткен Балқадиханы талай көрген; қыздың айдай жүзіне, нәркес көзіне, күміс күлкісіне, мінсіз сымбатына ессіз құлаған.

Балқадиханы екі жеңгесі Ақан сері отырған он екі қанат ақ ордаға алып кіреді. Балқадиха бүгінде толықсыған кербез ару. Жарқылдаған жанарында күллі дүние жайнап тұр. Ақанның оң жағында отырып Балқадиха тамылжытып ән салады. Ақан серінің Балқадиханың назды қылығы, тіл байлаған көркі балқытады. Жанында отыр, бірақ ол сондай алыс, ғарыштағы жұлдыздай арбайды. Ақан сері құмарлық отына күйіп, іштей үнлейді, «Кең дүниеге сыймай дуылдаған бозбала кезімде қайда едің?» деп өкінеді. Балқадиханың да қарақат көздері ойға тұнады. Таң қылаң бере Балқадиханың екі жеңгесі

Ділда мен Ұмсын келіп, Ақан серіден рұқсат сұрайды. Ләйліге есі кеткен Мәжнүңдей хал кешкен Ақан сері сан түрлі ойға шырмалып, риза көңілмен рұқсатын береді.

Арада біраз күн өткенде Ақан сері сол маңдағы ауылдарды әнмен сусындатып, Жыланды жағына барғанда, Балқадишаның ұзатылғанын естиді. Естіп, іңкәр жүрегі талып, көзіне жас алып, тұла бойынан «Балқадиша» әні шығады:

«Қызы едің Ыбекеңнің, Балқадиша,

Өзенді өрлей біткен, тал Қадиша.

Сексен қыз серуенге шыққан кезде,

Ішінде қара басың Хан, Қадиша.

Дегенде, Балқадиша, Балқадиша,

Бұралған белің нәзік, тал Қадиша.

Бір емес, екі жеңгең келіп отыр,

Рұқсат, бізден сізге, амал не,

бар, Қадиша.

Дегенде Балқадиша, Балқадиша,

Боларсың біздің сөзге зар, Қадиша.

Бұлаңдап асау тайдай жүрген басың,

Боларсың қандай жанға жар, Қадиша.

Басынан Жыландының құлағаным,

Кекілін Кербестінің сылағаным.

Кетті деп Балқадиша естігенде,

Құшақтап құз-жартасты жылағаным»

Үміт шырағындай көрінген Балқадиша Таң Шолпаны секілді алыстай береді... алыстай береді... ол енді болымсыз дәменің өксікті өкініші болып көз алдында үмітті үзген бұлдырға айналады. Ақан сері тағы да ессіз махаббаттың азабын тартады.

Балқадиша Сүлейменмен біраз перзент сүйіп, жарастықта ғұмыр кешіпті. «Балқадиша» әнін ел жыр қылып айтқанда, екеуі ол әңгімелерді қызыға тыңдайды екен. Ақан сері туралы сұрағанда Балқадиша: «Ақан серідей адамның сұлтанын кім сүймейді» деп отырады екен, жарықтық.

Өмірдің балын да татып, уын да ішкен, тағдырдың тәлкегіне де түскен; жар қызығын да көрген, ғашықтықтың отына өртеніп, азабын да тартқан, салтанат та құрған; қазақ өнеріне

өлшеусіз үлес қосқан; өшпейтін өнеге, тозбайтын асыл мұра қалдырған, тағдыр бірде аялап, бірде алдаған, бірде арбап, бірде әлпештеген аяулы Ақанның сергелдеңге түскен серілік өмірінің Илья Жақанов жазған аянышты ақиқаты осындай.

Расында да, Ақан серінің тұла бойы бір тұтанып, бір жанған, бірақ, өле-өлгенше сөнбей кеткен махаббат еді. Сал-серілер өміріндегі осы феноменнің табиғатын да, тылсымдарын да Илья тамаша ашқан. Сөйтіп, қазақ өнері тарихын зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан. Өзі де өнерден жаралған, өнерден туған Ильяның басқаша жазуы мүмкін емес еді.

Біз Илья екеуміз бір жылдың төліміз, құрдаспыз. Бірге өстік, бірге жетілдік. Мектепті бір класта оқып, бірге бітірдік. Мен – мектеп қабырға газетінің редакторы, Илья – суретшісі еді. Суретті керемет салушы еді. Әнді Алматыға келген соң шығара бастады. Ильяны композитор, жазушы ретінде қазақ-қырғызға танытқан – асыл Алматы. Бәріміз де Алматыға қарыздармыз. Илья досыма, бауырыма жаңа шығармашылық табыстар тілеймін.

**Мырзатай ЖОЛДАСБЕКОВ,**

**АСТАНА.**